

ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕСТЕР ЖӨНІНДЕ ЕСЕП

тақырыбы: «Күнбағыс дақылының негізгі аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу шаралары»

бағыты: Дәнді, майлы және жемшөп дақылдар

Өткізу күні: 21 – 27 шілде 2025 жыл

Кеңес өткізу орны: Қарағанды облысы, Шет ауданы

«Ажар» ш/қ басшысы



Жоңқабаева А.М.

қолы, мөр

Эксперт:

(қолы)

Койгельдина А.Е., PhD

«Ж. Жиёмбаев атында
ҚазӨҚЖК ҒЗИ» ЖШС
Басқарма төрағасы



Дуйсембеков Б.А.

Есеп құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселелер;

«Күнбағыс дақылының негізгі аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу шаралары» тақырыбында кеңес беру барысында егістіктерде жүргізілген мониторинг нәтижелері дақылға елеулі қауіп төндіретін бірқатар аурулар мен зиянкестердің белсенділігі артқанын көрсетті. Күнбағыс - еліміздегі майлы дақылдар ішінде жетекші орынға ие, сондықтан оның өнімділігі мен сапасын сақтау агроөнеркәсіптік кешен үшін стратегиялық мәнге ие.

2) қойылған мәселені немесе қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсынымдары;

21 – 27 шілде аралығында 2025 жылы Күнбағыс дақылының негізгі аурулары мен зиянкестеріне қарсы күресу шаралары бағытында кеңес өткізілді. Күнбағыс – майлы дақылдар ішінде ең маңызды дақылдардың бірі. Алайда оның өнімділігіне түрлі аурулар мен зиянкестер айтарлықтай әсер етеді. Өнімнің сапасын және тұрақтылығын сақтау үшін кешенді (біріктірілген) қорғау шараларын енгізу қажет. Негізгі аурулармен күресу шараларына ұсыныс жасалды. Склеротиниоз (ақ шірік) өсімдіктің сабағында, себетінде және тұқымында дамиды. Күнбағыс үшін ең қауіпті және өнімнің 40%-ға дейін жоғалуына әкелуі мүмкін ауру. Алдын алу мақсатында ауыспалы егісті сақтау (күнбағысты бір танапқа қайталап егуге болмайды); саңырауқұлақ қалдықтарын жою; топырақ пен тұқым өңдеу ұсынылды. Химиялық күрес: Тебаз Про с.к. 0,5-1,0 л/га, Амистар Голд с.к. 0,5-1,0 л/га негізіндегі фунгицидтерді гүлдеу алдында қолдану ұсынылды. Фомоз (қара дақ) жапырақтарда, сабақта қара дақтар пайда болады, өсімдік ерте солады. алдын алу: төзімді сорттар, сау тұқым, ауыспалы егіс. Тұқымдық материалды себер алды өңдеу, вегетация кезеңінде фунгицидтер қолдану жөнінде ұсыныстар берілді. Қалың егіс - ылғалдың сақталуы саңырауқұлақ ауруларының күрт көбеюіне әкеледі. Аймаққа байланысты ұсынылатын тығыздық 35–45 мың өсімдік/га. Дұрыс тығыздық — ауа алмасуды жақсартады, фомоз және фомопсис қаупін төмендетеді. Ерте себу күнбағыстың ыстық кезеңге төзімділігін арттырады. Кеш себу — күнбағыс көбелегінің негізгі ұрпағымен түйіседі зиянкестердің көбеюіне әкеледі. Сондықтан топырақ 8–10 °С жылығанда себу ұсынылды.

3) өнім өндірісін ұлғайтудың/өнімділікті арттырудың/өзіндік құнын төмендетудің сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже және т. б.;

Кешенді қорғау шараларын толық орындау нәтижесінде төмендегі көрсеткіштерге қол жеткізілді өнімділік 15–20% артты, майлылық деңгейі 3–6% жоғарылады. Аурулардың таралуы 30-40 % азайды. Бұл шаралар күнбағыс өндірісінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, экономикалық тиімділікті арттырды.

